

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызметтер көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Сатып алынатын Қызметтің тізбесі, техникалық ерекшелігі және Қызмет көрсету кестесі (бұдан әрі - Кесте) Шартқа 1 және 2 -қосымшада көрсетілген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге ___ тиынды (___ теңге ___ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге ___ тиын (___ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі Қызметтер құны, <және _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан

Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Қызмет көрсету кезінде пайдаланылған шығыс материалдары үшін ақы төлеу көрсетілген қызмет актісінде (бұдан әрі - Акт) көрсетілетін Шартқа 2-қосымшада көрсетілген бағалар бойынша жүргізіледі. Шығыс материалдарының құны Шарттың жалпы сомасына кіреді.

Ақы төлеуге арналған шот (шот-фактура) (егер Жеткізуші бейрезидент болып табылса, инвойс) екі Тарап та Актіге қол қойғаннан кейін ұсынылады.

Ақы төлеуге арналған шот (егер Жеткізуші резидент емес болса, орыс немесе ағылшын тілдерінде) Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қойған ілеспе хатпен ұсынылады. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жазып береді (бейрезиденттер үшін - Жеткізуші елінің).

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен

(бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі күнтізбелік 5 (бес) күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге **міндеттенеді**.
- 4) Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша Қызмет көрсету үшін Жеткізушітартатын қызметкерлерге нұсқама жүргізуге;
- 5) Шарттың талаптарына сәйкес Актіге қол қоюға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс орнында өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде кіріспе нұсқама және нұсқама жүргізуге;
- 7) егер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), қорқытып алу, лауазымды адамды сатып алу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған басқа да құқыққа қарсы әрекеттер анықталса, бұл туралы Тараптардың басшыларын және уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.
- 8) кепілдіктің қолданылуы кезеңінде көрсетілген Қызметте Тапсырыс берушінің кінәсіз туындаған ақауларды анықтау фактісі туралы Тапсырыс беруші ақаулар анықталған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге ақаулардың болуы туралы жазбаша хабарлама жібереді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды

тағайындауға;

3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге **құқылы**.

7) Жеткізушінің Кестені орындауын бақылауға (Шартқа 2-қосымша);

8) Жеткізушіден оның өкілдерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын талап етуге;

9) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерін сақтауды талап етуге;

10) Қызмет көрсету кезеңінде Жеткізушіден техникалық көмек пен консультация тегін алуға;

11) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда ақы төлемеуге;

12) Шарттың талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) шегергенде төлем жүргізуге;

13) 2.2-тармақта көрсетілген құжаттар қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде дұрыс ресімделмеген жағдайда. Шарт жасасуға, қағаз жеткізгіштегі құжаттарды қайтаруға немесе себептерін көрсете отырып, Жеткізушіге электрондық құжатты қабылдаудан келіспеу туралы хат жіберуге;

14) Жеткізушіге пошта, факс, электрондық пошта және басқалар арқылы жіберілетін кез келген хабарламаны жіберуге міндетті.

Шарт шеңберінде жіберілетін хабарламалар жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енген көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек басталатынына байланысты күшіне енеді.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;
- 7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.
- 11) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетелдік азаматтар мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын:
Қызмет көрсетуге тартылатын қызметкерлерді Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратына кіру жүзеге асырылатын (қажет болған жағдайда беріледі) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып жіберу туралы;
атауын, маркасын, типін және санын көрсете отырып, жабдықтар мен құралдарды әкелу туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);
қызметтік: есептеу техникасы құралдарын (компьютерлер, тасымалданатын компьютерлер және басқалар) енгізу туралы, тасымалданатын электрондық ақпарат тасығыштар (флеш-дискілер, CD, DVD-дискілер, магниттік таспалар, ZIP, қатты дискілер және басқалар), бейне-, кино-, фотоға түсіру функциялары жоқ және ашық операциялық жүйелері мен функциялары жоқ ұялы телефондар (WI-FI, WI-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімділік модульдері), атауын, маркасын, типі мен санын және Шарт талаптарын орындау кезінде оларды пайдалану қажеттілігін негіздей отырып, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып (қажет болған жағдайда ұсынылады);
маркасы мен мемлекеттік нөмірі көрсетілген көлік құралдарына рұқсат беру туралы (тіркеу құжаттары бойынша) (қажет болған жағдайда ұсынылады);
- 12) Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратына кіру кезінде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге және тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге (кіру/шығу кезінде) (уақытша рұқсаттама бойынша рұқсат етілген жағдайда, ғимаратқа кіру кезінде оны рұқсаттама

бюросына көрсетуге);

13) бақылау-өткізу пунктiнiң (бұдан әрi - БӨП) көлiк шлюзi арқылы жiберiлетiн көлiк құралдарындағы адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, көлiк құралдарының тiркеу құжаттарын, құндылықтарға iлеспе құжаттарды көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

14) Тапсырыс берушiнiң аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) әкелуге (әкетуге), әкелуге (әкетуге) тыйым салу, сондай-ақ:

атыс, суық және өзге де қару, оқ-дәрiлер;

жеке көрнекi бақылау құралдары, бейне, кино және фотоаппаратура, жазу құрылғылары, есептеу техникасы, машиналық ақпарат тасығыштар (флеш-карталар, USB-дискiлер және басқалар), ұялы байланыс құралдары, сондай-ақ олардың аксессуарлары, жеке электрондық техника, радиотехникалық және адам организміне емдік немесе профилактикалық әсерді қолдауға не организм органдары мен жүйелерінің функцияларын ауыстыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, басқа да аппаратуралар;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғылар, оның ішінде сымсыз құрылғылар (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалар);

ұлы заттар және күшті әсер ететін ұлы заттар;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды;

радиоактивті заттар;

психотроптық заттарды, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттарды;

алкогольдік ішімдіктер, есірткі заттары, тез тұтанатын сұйықтықтар (өндірістік мақсатта қажеттілерді қоспағанда);

алкогольдік ішімдіктер, есірткі заттары, тез тұтанатын сұйықтықтар (өндірістік мақсатта қажеттілерді қоспағанда);

15) Қызмет көрсету басталғанға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызмет көрсету үшін тартылатын қызметкерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнында кіріспе нұсқамадан және нұсқамадан өтуін қамтамасыз етсін;

16) Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушiнiң аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі ережелерінің, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

17) Қызмет көрсету басталғанға дейін Қызмет көрсету үшін тартылатын қызметкерлердің Тапсырыс берушiнiң өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқамадан өтуін қамтамасыз етсін;

18) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушiнiң өткізу және объектішілік режимдері талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

19) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс беруші белгілеген режимдік талаптарды орындауға;

20) Қызмет көрсету басталғанға дейін Жеткізуші, қосалқы мердігер қызметкерлерінің Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Қызмет көрсету кезінде алынған құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюын қамтамасыз етуге;

21) Қызмет көрсету кезінде және ақауларды, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде анықталған ақауларды жою кезінде Қазақстан Республикасының санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да халықаралық (қазақстандық) стандарттарына, талаптарына, нормаларына, ережелеріне, заңнамасына жауап беретін автокөлікті, жаңа, пайдаланылмаған және тиісті (жоғары) сападағы жабдықты, материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен бөлшектерді пайдалануға. Жабдықты, автокөлікті, сапалы материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен бөлшектерді беруге байланысты барлық шығыстарды Жеткізуші өз мойнына алады;

22) Шартта көзделмеген қызметтердің қосымша түрлері мен көлемдері туындаған жағдайда, Шарттың жалпы сомасы шегінде оларды келісу және орындау үшін бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша және уақтылы хабардар етуге;

23) Шарт бұзылған жағдайда өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

24) Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауға;

25) Кестені сақтауға (Шартқа 2-қосымша);

26) көрсетілген Қызметтің нәтижелері бойынша Тапсырыс берушінің қызмет көрсететін персоналына нұсқама жүргізуге;

27) Тапсырыс берушінің жауапты қызметкерлерін жабдыққа техникалық қызмет көрсетуге оқытуды жүргізуге;

28) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге, шығындарды толық көлемде өтеуге және Шарттың талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге;

29) Тапсырыс берушіге Қызмет көрсету кезінде оның залал келтіруі не Жеткізушінің кінәсінен бұзушылықтарға жол беруі себебі бойынша Тапсырыс берушіні үшінші тұлғалардың талап-арыздарынан және наразылықтарынан қорғауға;

30) білімін және барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмысты бақылау және бағыттау. Жеткізуші Қызмет көрсетудің құралдарына, әдістеріне, техникасына, дәйектілігіне және сапасына, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстардың үйлестірілуіне толық жауапты болады және бақылауды жүзеге асырады;

31) Қызмет көрсету үшін Жеткізушіге берілген Тапсырыс берушінің жабдықтарының, материалдарының, құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Материалдарды, құжаттарды қалпына келтіру және жабдықтың жұмыс істеу қабілеттілігі мүмкін болмаған жағдайда жөндеу (қалпына келтіру) мерзімі ішінде жөндеу (қалпына келтіру) кезінде жөндеуге (қалпына келтіруге) және мәжбүрлі бос тұруға жұмсалған барлық шығындарды өтеу (оның ішінде жіберіп алған пайда үшін);

- 32) Қызмет көрсету кезеңінде Қызмет көрсету жөніндегі қызметті үйлестіру үшін байланысатын тұлғаны айқындау;
- 33) Қызмет көрсетуге байланысты техникалық мәселелерді шешу бойынша практикалық көмек көрсетуге;
- 34) Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін бөлінген аумағында және/немесе үй-жайларында қосалқы мердігерлер болған кезде олармен өз жұмыстарын дербес үйлестіруге;
Қосалқы мердігерлерге көрсетілетін Қызметтің жалпы көлемінің үштен екісінен асатын Қызмет көлемін беруге жол берілмейді;
- 35) Жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Қызмет көрсетуден шеттетуге, егер Тапсырыс беруші бұл ретте себептерін көрсете отырып өтінген жағдайда, одан кейін осы тұлғаның Қызмет көрсетумен ешқандай байланысы болмауға тиіс болса, 72 сағат ішінде;
- 36) Жеткізушінің кінәсінен Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің жабдығы істен шыққан, сынған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс беруші белгілеген мерзім ішінде жабдықтың жұмыс қабілеттілігін өз есебінен қалпына келтіреді;
- 37) Жеткізушінің кінәсінен болған ай сайынғы техникалық қызмет көрсету кезеңінде және арасында анықталған ақауларды, ақауларды Жеткізуші шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде жояды;
- 38) Жеткізуші беретін барлық материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауапты болуға міндетті. Жеткізулер тек Жеткізушінің атына ғана жүзеге асырылады. Ешқандай жағдайда Тапсырыс беруші көлік құралдарын жеткізуге, өңдеуге, сақтауға және олардың тұрып қалуына ақы төлеуге байланысты шығыстар үшін жауапты болмайды. Ешқандай жеткізілімдер Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілмейді;
- 39) жұмысты дереу тоқтатуға, егер Шарт бұзылса, объектіні консервациялауды және оны белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіге беруді қамтамасыз етуге;
- 40) Қызмет көрсету алдында Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімімен қабылданған «Жағармай материалдарына, майлар мен арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы» (КО ТР 030/2012) Кеден одағы шеңберінде оған қатысты міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесіне сәйкес шығыс материалына (мотор майына) арналған сертификаттың (декларацияның) көшірмесін ұсыну 2012 жылғы 20 шілдедегі № 59;
- 41) Жеткізушінің кінәсінен Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің жабдығы істен шыққан, сынған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс беруші белгілеген мерзім ішінде жабдықтың жұмыс қабілеттілігін өз есебінен қалпына келтіреді;
- 42) Актіге қол қойылғанға дейін Тапсырыс берушіге жабдықтың техникалық жай-күйі (ауыстыруға жататын қосалқы бөлшектердің, тораптар мен бөлшектердің тізбесі) бойынша жазбаша ұсынымдар беруге;
- 43) егер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), қорқытып алу, лауазымды адамды сатып алу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған басқа да құқыққа қарсы әрекеттер анықталса, бұл туралы Тараптардың

басшыларын және уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге;

44) Жеткізуші көрсетілген Қызметтің сапасы Шарттың талаптарына сәйкес келетініне кепілдік береді;

45) көрсетілген Қызметке кепілдік мерзімі: бірінші, екінші және үшінші тоқсанда келесі Қызмет көрсетілгенге дейін қолданылады, төртінші тоқсанда 3 (үш) айды құрайды және екі Тарап та Актіге қол қойған күннен бастап есептеледі. Актіде Шарттың осы тармақшасының талаптарына сәйкес Жеткізушінің кепілдік міндеттемелері және оған Тараптар қол қойған күннен бастап олардың қолданылу мерзімі міндетті түрде көрсетіледі;

46) кепілдік мерзімі кезеңінде көрсетілген Қызметте анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ақауларды өз есебінен жоюға;

47) Ақауы жойылған қызметке, ақауларды жою жүргізілген уақыт кезеңіне кепілдік мерзімін ұзартуға. Бұл ретте ұзарту мерзімін ескере отырып, кепілдік мерзімінің аяқталу күні Тараптар қол қойған ақауларды жою актісінде көрсетіледі;

48) Жеткізушінің кепілдік міндеттемелері Актіде немесе көрсетілген Қызметтің ақауларын жою актісінде көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызметтер көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызметтер көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4) *өз кінәсінен болған өрттің, авариялардың, жазатайым оқиғалардың зардаптарын өз ресурстары мен қаражаты есебінен дербес жоюға міндетті.*

Келтірілген залалдың салдарын жою мерзімі келтірілген залалдың көлеміне қарай комиссиялық тәртіппен айқындалады және еркін нысанда жасалған және Тараптар қол қойған келтірілген залал актісінде көрсетіледі;

5) *өндірістік қажеттілік болған жағдайда, Қызмет көрсету кезінде мереке, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеуге міндетті.*

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі көрсетілген кезеңде Қызмет көрсетілгенге дейін тоқсан сайын Кестеге (Шартқа 2-қосымша) сәйкес белгіленеді.

4.2. Қызметтер көрсету орны: А01Т7М2, Алматы қ., Райымбек көшесі, № 511 үй.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Қызмет көрсету аяқталғаннан кейін Жеткізуші Тапсырыс берушіге: Шарттың 3.3-тармағының 42) тармақшасына сәйкес ұсынымдар;

Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша Жеткізуші қол қойған Акт.

5.2. Тапсырыс беруші Жеткізуші көрсеткен Қызметті күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде тексеруді жүзеге асырады.

Ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші бұл туралы Жеткізушіні жазбаша хабардар етеді. Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде ақауларды жояды.

5.3. Ақаулар болмаған немесе жойылған жағдайда Тапсырыс беруші Актіге күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың

Жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін, ақауларды

жою күнін қоса алғанда, сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының

5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда - Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем

сомасын толық көлемде қайтарады (алдын ала төлем бар болғанда).

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын

дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Жеткізуші өздеріне ұсынылған жабдықтардың, автокөліктің, сапалы материалдардың, конструкциялардың, тораптар мен бөлшектердің тиісінше сапасы үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған жабдықтардың, автокөліктің, сапалы материалдардың, конструкциялардың, тораптар мен бөлшектердің ұсынылуы үшін жауапты болады.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына :

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті

уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап, бірақ 2025 жылғы 1 қаңтардан ерте емес күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

Портал заңуок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

